# 2013 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 288 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 167-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2013 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 288 қаулысымен бекітілген

## 2013 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесі

| Р/с № | Жобаның атауы | Донор | Орындаушы агенттік | Іске асыру кезеңі (жылдар) | Жобаның жалпы құны (АҚШ долл.) | Грант сомасы (АҚШ долл.) | Мемлекеттік бюджеттен грантты қоса қаржыландыру сомасы (АҚШ долл.) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Елді әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға алғышарт ретінде қоғамның рухани-адамгершілік қайта дамуы | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі | 2013 – 2015 | 297778 | 59556 | 238222 |
| 2 | Тәуекелдерді бағалау, дүлей апаттың алдын алу және ден қою бойынша ұлттық әлеуеттің күшеюі | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі | 2013 – 2015 | 1453219 | 543374 | 909845 |
| 3 | Қазақстанда құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және БҰҰ-ның Әмбебап мерзімді | Біріккен Ұлттар | Қазақстан Республикасының | | 434060 | 42148 | 391912 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шолуының ұсынымдарын тиімді іске асыру | Ұйымының Даму бағдарламасы | Әділет министрлігі | 2013 – 2014 | | | |
| 4 | Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мен сапасын бағалау жүйесін жақсартуға жәрдемдесу | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы | Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі | 2013 – 2014 | 757576 | 70707 | 686869 |
| 5 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасын іске асыру бойынша сараптамалық қолдау | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі | 2013 – 2014 | 395555 | 99259 | 296296 |
| 6 | Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өмір сүру сапасы мен қоршаған ортаны қорғауға үлесін арттыру мақсатында шағын елді мекендерге арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен басқару моделін әзірлеу және сынақтан өткізу | Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы | Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрлігі | 2013 – 2014 | 984970 | 191313 | 793657 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК